

КЕСЕЛ



КАРАНТИНДЕГІ ҚАҚПАН

Тоқсаныншы жылдардың аяғына дейін елдің қай ауылында болмасын, жарық жөнді берілмейтін. Әсіресе, қыстың боранды күндері жиі өшеді. Амал жоқ, әсіресе, біз балалар, май шамға телміреміз. Одан жалыққан соң ханталапай, тығылмақ ойнайсың. Тіпті болмаса ертегі тыңдайсың. Осылайша, жарық қайта жанғанша іш пыстырмаудың жолын іздейсің.

Қазіргі қатаң карантин де маған сол жылдардың көрінісін көз алдыма әкелгендей. Қайтерін білмей қажыған көпшілік қал-қалерінше, шектеу шеңберінде бірнәрсе істеуге тырысып бағуда. Әрине, құптарлық қадам. Бірақ осы кезеңнің өзінде жұртты ұршықша иіріп, өзіне имандай сөндіріп, қарыз ұйығына батыратындар қаптап кетті. Ең сорақысы - онлайн түрде. Тіпті түрін көрмеген адамға кейін шағымданып, зая кеткен ақшанызды даулау мүмкін емес. Түсінікті болу үшін бәрін басынан баяндайын.

Қайбір күні дүкенде ескі танысыммен жолығып қалдым.

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

«АУРУДАН АҚША САУУ» – 2

Денсаулығына қатты мән беретін бір танысым бар. Былтырдан бері тықақтап мазамды алды. Аман-сәлемі «емханаға тіркелдің бе» деуден басталады. «Жоқ» десен, жатып көп ұрсады. «Бұл өзің үшін керек, алда-жалда сырқаттана қалсаң, қайда барасың? Мемлекет сол үшін ақша бөледі ғой» деп. Ақша деген соң құлағың елең етіп «не үшін» деп сұрайсың ғой. «Емханада тіркелген әр адамға қаржы төленеді, сондықтан да олар сені тегін емдеуге міндетті!» деп түсіндіреді әлгі таныс.

Мұны бұрынғы денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов та айтқан. Тура бір жыл бұрын емханаға сырттай тіркейтінін тілге тиек еткен-ді. Басқаны былай қойғанда, тіпті еліміздің бас дәрігерінің өзін басқа облыста тіркеп жібергенін өз аузынан естігенбіз. Әлгі танысым айтқандай, әр адамның тіркелгені туралы салалық министрлікке ақпар келіп түседі де, сол бойынша жан басына қаржы бөлінеді.



(Жалғасы 5-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Қазақ даласы ежелден дәрілік шөпке бай. Тіпті кейбір елдерде емге табылмайтын сирек кездесетін өсімдік бізде көп. Алтайдың ақбас таулары мен Арқаның сары даласында. Алатау мен Қаратаудың қойны-қонышында. Бетпақта мың түрлі дертке шипа болатын дәрілік шөптің алуан түрі өседі. Бірақ соңғы жылдары осы табиғи байлығымызды пысықтар өртүрлі жолдармен сыртқа асырып жатыр. Ал көрші ел әлгі шөптерден дәрі-дәрмек жасап, қайтара бізге сатып, еселеп пайда табады. Қазақ даласындағы дәрілік шөптердің есебін алып, қорғап, сақтап, отандық фармацевтикаға орайлы пайдаланып, табиғи байлығымызды дұрыстап игеретін уақыт әлдеқашан жетті. Егер осы сала дұрыс жолға қойылса, ел экономикасына миллиардтаған табыс әкелуге болар еді. Оның үстіне, пандемия кезінде жалған дәрі жасап сатқан алаяқтардың ісі халықтың дәрі-дәрмекке деген сеніміне көлеңке түсірді. Мұндай жағдайда қарпайым халықтың табиғи өнімге ықыласы ауатыны заңдылық.

Дәрі шөпке қатысты ой-сауалдарымызды қазақ дәстүрлі медицинасының білікті дәрігері Арғынбек Қабылхақұлы мен жапон елінен дәрігерлік білім алған Уатхан Сейпілге қойдық.

Арғынбек ҚАБЫЛХАҚҰЛЫ:

ДӘРІ ШӨПТІҢ ҚАДІРІН БІЛЕЙІК!



Jas qazaq: Арғынбек мырза, сіз қазақтың дәстүрлі халық медицинасымен айналысады екенсіз. Табиғи дәрі шөптермен емдейсіз. Мысалы, әдеттегі тұмауға қандай шөптен жасалған дәрі бересіз? Сол сияқты өкпе аурулары мен жөтелге, дене қызуын басуға қандай шөп дәрілер қолданасыз?

А.Қабылхақұлы: Қазақтың халықтық медицинасында тұмауға пайдаланатын дәрі өте көп. Өкпенің екіжақты қабынуын зәхрап немесе зертен деп айтады. Өған ұшқат гүлін пайдаланған. Қызылмияның тамырын да осы дертке қолданады. Томағашөп деген бар. Бақбақты да пайдалануға болады. Сасыр мен рауғаш та өкпе ауруларына таптырмайтын ем. Көкбояу мен тұт ағашының тамыр қабығы өкпе аурулары мен тұмауға, қабынуға өте шипалы шөптер. Жалпы қазақ шипагерлігінде өкпе аурулары мен тұмауға берілетін шөп дәрілер бірдей. Бөліп-жарудың қажеті жоқ. Өйткені ол табиғи шөп қой. Қырықбуынды қызылша, қарағай дөңегі өкпе қабынуы мен өкпеге суық тиюге пайдалы. Жалпы, дәрі шөптердің бір ерекшелігі қабынуды басып қана қоймайды, сонымен бірге адамның ауруға қарсылық қуатын да арттырады.

Әдетте қызылмияның тамырын жөтелге, аллергиялық жөтелге қолданады. Ал қытайлар мен жапондар «ган сау шуан ган» деген дәріні ине арқылы салады. Онымен қан құрамын тазалайды, аллергияны емдейді. Қытайлар қызылмияның шырынынан «ган сау пиан» деген дәрі шығарып жатыр. Оны жөтелге қарсы пайдаланады. Өкпенің қабынуы мен созылмалы ауруларына ақжүрек деген шөптің тамыры өте жақсы нәтиже береді. Шамғұрды да өкпе ауруларына пайдаланамыз. Шұғынык деген күртқа ұқсайтын гүлдің тамыры бар. Ол өкпеге де пайдалы, әсіресе бүйрекке таптырмайтын дәрі. Шұғынықты иммундық қуатты арттыруға да шуге болады. Қаразере бүйрекке пайдалы. Бауыр ауруларына арқар жусан деген шөпті ішкен бұрынғылар.

Бірақ бұл жерде бір нәрсені айта кету керек. Ешбір дәрігер шөптен жасайтын дәрінің рецептісін көрсетпейді. Бұл әркімнің өз құпиясы. Сондай-ақ кейбір шөп дәрілерді адамның райына қарай пайдалану керек. Яғни кейбір адамның денесі жел болады, біреулердің іші ыстық болады. Біз ем жасағанда сол жақтарына да қараймыз. Әйтпесе, шипа береді деген шөптің өзі ауруды қоздырып жіберуі мүмкін. Қысқасы, бардың қадірін біліп, дәрі шөптерді отандық дәрі өндірісіне енгізуіміз керек.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨЛДІ ДЕУГЕ БОЛА МА?

ЖАҚСЫЛЫҚ БАТЫРЫМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК



Алысқанмен алыстың,
тірестің,
Еркіменен берер саған
үлес кім?
Қаршығадай шарболаты
Семейдің,
Қара бала Қазтуғаны
күрестің.

(Қазақтың біртуар ұлы
Жақсылық Үшкемпіров туралы
естелікті 7-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
45,23

DOLLAR
418,35

EURO
496,08

РУБЛЬ
5,73

ФОТОШОК



Лүбнан астанасы
Бейрут айлағындағы
жойқын жарылыс



7 KÚN

168 SAGÁT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Ел үкіметі көмекке зәру отбасындағы балаларды жаңа оқу жылында компьютермен қамтамасыз етпекші. Премьер-Министр Асқар Мәмин министрліктерге осындай тапсырма берді.

Премьер-Министр үкімет отырысында: «Оқу жылының басталуына бір айдан аз уақыт қалды. Дайындықты бұдан да жандандыра түсу керек. Қашықтан оқытудың әдістемесін пысықтап, балалар, ата-аналар мен мұғалімдердің арасында жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Ол үшін 20 тамызға дейін алдағы оқу үрдісі туралы толық ақпарат бере отырып, онлайн режимде республикалық ата-аналар жиналысын ұйымдастыру керек», — деді.

Үкімет осы мақсатта аса мұқтаж отбасылардағы балаларды шамамен 500 мың компьютермен қамтамасыз етеді. Әкімдіктер компьютерлік техникамен жабдықтауды жергілікті деңгейде қосымша пысықтайды.

(Өз тілшіміз)

БАЛАЛАРҒА КОМПЬЮТЕР БЕРІЛЕДІ



Салғырттық

700 МИЛЛИОННЫҢ ЖОЛЫ: ШҰРЫҚ-ТЕСІК



Жолдың жайын жүрген білер. Төріскейде сапасыз сөнделген жол қайтадан бүліне бастаған. Сапасыз салынған жол Солтүстік Қазақстан облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мамандарының назарына ілінді. Сарапшылар жергілікті сапа орталығымен бірге тексерісті бастап кетіпті.

Tengrinews.kz порталы хабарлағандай, Еленовка — Арықбалық — Чистополье — Есіл тас жолын жөндеуге бюджеттен 719 млн теңге бөлінген. Қомақты қаржыға жөнделген жолдың қазіргі жағдайы өте нашар. Әр жері ойылып, төселген асфальт шұрық-тесік. Ғабит Мүсірепов ауданына қарасты Чистополье ауылы маңында түсірілген суреттерден байқалғандай, кей жерлерде асфальт жарылып, шұңқыр пайда болған.

Солтүстік Қазақстан облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі хабарлағандай, «Сапалы жол» жобасы шеңберінде Ұлттық жол активтері сапасы орталығы мен тиісті мемлекеттік мекемелердің сарапшыларын тарта отырып, осы аумақта тексеру жүргізуді жоспарлап отыр. Осыған орай, жұмысты орындаған жауапкершілігі шектеулі серіктестікті міндеттемесіне салақ қараған орындаушы деп тану жөнінде мәселе көтеріледі.

Айта кеткен жөн, аталған бағыттағы жолдың ұзындығы 200 шақырымға созылып, облыстағы бірнеше ауданды басып өтеді. Күретамырдың отандық туризмнің әлеуетін арттырудағы маңызы ерекше. Өйткені автожол Ақмола облысымен шектесетін аумақта басталып, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Имантау-Шалқар туристік аймағына алып барады.

Миллиондар жұмсалып, жүрдім-бардым жөнделген осы жол қаржы бөлінген соң оның қалай игеріліп жатқанын бақыламайтын, жұмыс аяқталған соң оны дұрыс қабылдап алмайтын өрескел кемшіліктен арыла алмай жатқанымызды тағы да көзге шұқып көрсеткендей. Әйтпесе, жүздеген миллион теңге бөлінген жобада талап басты назарда болуы тиіс емес пе?

Жарас ШӨКЕ

Баға



ДИҚАННЫҢ ҚҰРАЛ-САЙМАНЫ – 2020
(Теңге)

ТРАКТОР



«Белорус» (MT3) –
7,4-8 млн
LOVOL 354 – **4,2 млн**
John Deer –
18-34 млн

«КИРОВЕЦ» –
45-52 млн

Buhler –
65 млн



КОМБАЙН

Essil –
45-49 млн

John Deer –
95-140 млн



Сұрақ-Жауап

Өткен аптада ұлттық валюта тағы да құнсызданды. Бұған қандай факторлар әсер етті?

Нұржан ТҰРСЫНХАНОВ,
Ұлттық банк монетарлық операциялар департаментінің директоры:

«Валютаның әлсіреуі – дамушы елдер нарығына ортақ тренд. Мәселен, Түркия, Оңтүстік Африка және Ресей ақшасы біздің теңгеге қарағанда көбірек құнсызданды. Мұнай бағасына қоса, ішкі факторлар, сондай-ақ рубль бағамы оң немесе теріс ықпал етуі мүмкін. Ортақ қаржы нарығында Ресей рублі теңге бағамының құбылуына ықпал ететін фактор. Бірақ ол негізгі емес».



Дереккөзі: Қазақстан ауылшаруашылығы



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

**ҚАЗАҚСТАН
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫМЕН
10 ТАМЫЗ АБАЙ
КҮНІ БОЛЫП
ЖАРИЯЛАНДЫ**

Әлеумет.t⁰



ЕМШІ МЕН ЖАПЫРАҚ

Өткен аптада Сыр өңірінде бір емші пайда болды. Әлеуметтік желіде әлгі кісінің біреулерді емдеп жатқан видеосы таралды. Қалай емдейді дейсіздер ме? Өзін «емшімін» деп сөйлеген ол дертіне шипа іздеп келген кісілерді аяғымен басып, белін жаншып жіберердей «ем-дом» жасап жатыр. Емшінің айтуынша, вирус адам омыртқасына «тығылып» қалатын көрінеді. Ауырған адамның белін басу арқылы әлгі «тығылып» жатқан дертті қуып шығады екен. Жұрт соған сеніп, балгердің аяғының астына домалап жатыр. Қысқа ғана видеода емші қаралушылардың таласып-тармасып, кезекке тұратынын айтыпты.

Бейнежазбада «Мен тегін емдеймін, адамдарға көмектесуге тырысамын. Адамдардың игілігі үшін істеймін. Қазір карантинге қарамастан, аймақтарды аралап жүрмін. Мен Елорданы қоспағанда, елдің барлық аймақтарындағы адамдарды емдеймін. Әр аймақта небәрі үш күн боламын», — дейді.

«Аңқау елге арамза молда болыпты» деген сөз бар. Дәл қазіргі пандемия жағдайында сондай дүмшелер әр жерде бой көрсетіп жатыр. Қызылордадағы емші солардың біреуі ғана. Әйтпесе, бұл індеттің емі табылмағанын бәрі біледі.

Естеріңізде болса, осыдан бірер ай бұрын коронавирусқа сарымсак пен зімбір тамыры пайдалы екен деген сөз тарап, базардағы бағасы аспандап кеткен болатын. Сарымсақты Алматыдағы «Көкбазардан» 7 мың теңгеге әрең тапқанбыз. Ал зімбірдің тамыры пандемияға дейін әр келісі 1000-1200 теңгеден сатылса, ауру асқынған кезде 5 мың теңгеге бір-ақ көтерілді. Бағаны қолдан жасаған алыпсатарлар лимонды да қасқалдақтың қанындай қымбатқа сатты.

Аяқпен емдейтін емші демекші, коронавирусқа ем іздеген жұрт не жемеді? Лимон ем екен деп еді, базарда емге табылмай кетті. Одан кейін қойдың құйрық майы шықты. Бұған дейін май жемейтіндер базар жағалап, құйрық іздеп жүр. Бұрын етке қосып сутегін бере салатын қазақы қойдың құйрық майының әр келісі 2500-3000 теңгеден сатылатын болды. Ет пен сүттің қымбаттағаны дұрыс қой. Шаруаның еңбегі ақталып, мал баққан ауыл адамдарының табан ет маңдай терінің өтелгені жақсы-ақ. Бірақ оны да «аңқау елге арамза молда» болғандай, алыпсатар ғана пайдаланып жатыр. Ақжелкеннің тамыры да ем болыпты кейбір кісілерге. Орысшасы «хрен» деп аталатын өсімдік бұрын қадірсіз еді. Қазір оңайлықпен табылмайды. Қораның бұрышында, жолдың жағасында өсіп тұратын жапырақты шөпті ауылдан орып әкеліп, әлеуметтік желіде пәлен ақшаға сатып жатқандарды өз көзімізбен көрдік. Адамға жаннан қымбат не бар? Мұндай қысылтаянда ешкім ақшасын аямайды екен. Шөптің жапырағын шөптен көп ақшаға сатып алдық.

Егер халық іздеген дәрісін дәріханадан тапса, ешкім өз бетінше дәру іздеп сабылмас еді. Оның үстіне, өткенде ғана Алматыда жалған дәрі-дәрмек шығаратын цех пен оның сыртқы қораптарын басынан баспахана және заңсыз қойма табылған болатын. Міне, осындай заңсыздықтардың кесірінен халық өзін-өзі емдеуге мәжбүр болған жоқ па? Соның салдарынан дәріхана жағалағаннан гөрі емшіге барғанды, ақжелкенді қайнатып ішкенді жөн көреді.

Жарас
КЕМЕЛЖАН



Кесел

(Басы 1-бетте)



КАРАНТИНДЕГІ ҚАҚПАН

Көптен көрмегесін әлеуметтік ара қашықтықты бір сәтке ұмытып, құшақтаса амандасып, жөн сұрастық. Әңгіменің «әлкиссасын» карантиннен қажығанынан бастады. «Бірақ соңғы апта дәл осындай қаржы қолбайлау кезде ақша табудың көзін таптым» деп көсілді. Өзі сауда орталықтарының бірінде сатушы болып жұмыс істейтін. Пандемия кезінде жұмысы уақытша тұралаған. Мен де не кәсіп екенін білгім келіп қызығушылық таныттым. Сөйтсем, кәдімгі ватсап желісінде ақша еселеуге үгіттейтін топтар бар екен. Танысым сол жақта белсенді. Қаржы табудың құрылымы бір қарағанда қарапайым. Чаттардың біріне қосыласың. Өздері құрған тізімге тіркелесің. Алғышарт сол тізімнің басында тұрған адамға орташа 3000, болмаса 5000 тенге (әр чаттың бәсі әртүрлі) аударасың. Бірінші тұрған клиент бес адамның ақшасын жинағасын тізімнен ығысып, екіншісіне ақша аудару басталады. Осылай кете береді. Өз кезегін келгенде саған да басқалар қаржысын құяды. Сайып келгенде 5000 тенгемен тіркеліп, 25 мың теңгені қалтана басасың. Бір қарағанда не деген батпан құйрық деген ойға кетесің. Бұлай оңай ақша еселеуге дәнiккендер ал келіп, дос-жаран, туған-туыстарын чатқа қосылуға үгіттейді. «Құр жатпай ақша табайық», «қашанғы айлыққа қараймыз» деген секілді ұрандарымен тіптен кімді де болса сендіретіндей. Жастықтан басын көтермей «алма піс, аузыма түс» дейтіндерге бұл таптырмас кәсіп сияқты боп көрінеді. Чаттың қанатын кенге жаюы артынан еретіндердің неғұрлым көп болуына тікелей байланысты. Тура талайды зар жылатқан пирамида жүйесі айна-қатесіз қайталанып тұр. Оны қаперіне алып жатқандар болса қане? Байыбына бармай, «байимын» дегендерге қолындағы тиынын еселеу басты орында. Ал соңынан ергендердің ертең сан соғып қалуы мүмкін-ау деген ой еш мазаламайды.

Күмәнді чаттың жұмысы, ақша қалай еселенетінін, оған ерген адамдардың психологиясын түсіну үшін мен де клиент ретінде тіркелдім. Чатқа қосылғаным сол, құдды туысым, досымдай «кош келдің» деп жылы лебіздерін жаудырды. Тіпті «осы жүйеге кірген сендей бақытты адам жоқ, кейін басқалары уақытында қосылмағандарына өкінеді» деген сынайда әңгімені



өрбітті. Дым білмегендей мен де жайлап сұрақтарымды қойдым. «Ақшаның еселенетініне кім кепіл береді?», «Бір жағдай болса оған кім жауап береді?» «Нақты қанша уақытта ақшамды еселеймін?» деген негізгі сұрақтарды төтесінен қойдым. Сөйтсе, ешкім ешқандай кепілдік бермейді. Бұл жерде қаржының көбеюі мұндағы клиенттердің күн сайын қосылуына байланысты. Қандай да бір жағдай болса оған да ешкім жауапты емес. Оны ақшаны әртүрлі есепшотқа аударумен байланыстырды. Ал ақшаның қанша уақытта еселенетініне де қатысты нақты делдай жоқ. Ол да клиенттердің белсенділігіне қарай. Сонда мұндай күмәнді болса да чаттарға жұрттың жаппай тіркелуін қалай түсінуге болады?

Инстаграмдағы паракшамда «осындай топқа қаржысын құйып, алданғандар бар ма» деген сауалнама жүргіздім. Жауабы көп күттірмеді. Елдің, әсіресе, батыс өнірінен аузы күйгендер лек-легімен жазып жатты. Бірнешеуіне қоңырау шалып тілdestім. Біреуі басында 3000 мың теңгесін 15 мың етіп көбейткенін айтты. Кейін делебесі қозып, қолындағы барын салған. Бірақ күтпеген жерден оны чаттан шығарып жіберітті. Содан кейін барып алданғанын түсінген. Шағымданайын десе кімге арыз жазарын, олардың нақты кім екенін де білмейді. Екінші бір зейнеткер келінімен ақылдасып, жаңа теледидар алу үшін зейнетақысын толығымен ватсап топтағы есепшоттарға аударған. «Түк жоқ. Жиырма төртінші желтоқсанда салғам 20 мың теңгені, квитанциям қолымда тұр бөрі. Сендім де салып жібердім. Чатқа жаздым да талай жеріне. Қарағым-ау сонда мына халықты, қарт адамдарды алдай беруге рұқсат па бұл қалай?» деп мұның шақты. Қартты жұбатуға сөз табылмайды. Үнсіз қалдым. Салдары түсінікті. Ол да опық жеді. Бұл зейнеткердей күйінгендер көп. Аңқаулық жасап, алданғандар жүзін көрсетуден қашады. Аузы күйгендердің бірсыпырасы ақшасын қайтару үшін өзі түскен орға өзгелерді сендіріп сүйрейді. Чатта орташа жиырма админ болады. Жанадан кіргендерді ауыз аштырмай иландырып, көз жұмып қаржысын беруі үшін жан-жақтан үгіттейді. Қазір мұндай чаттардың санында есеп жоқ. Көрсесіне қарай көсілетіндер шамасына қарап біреуіне кіреді. Ақшасын береді. Еселенгенін күтеді. Бірақ Балкантауда алтын түгілі, бақыр да жоғын тек сонында біледі. Әттен, кеш.

Айта берсе, мұндай мысалдар жетіп артылады. Електен өткізсе, шаң қапқандардың дені – тұрмыстық жағдайы ортадан төмендер. Алданғандардың арасында ауқаттылар жоқтың қасы. Олар мұндай күдікті қаржы көлшігіне аяғын аттап баспайды да. Айналып келгенде, бұл жүйені бүге-шігесіне дейін зерттеп, ұйымдастырғандардың көздегені бес теңгесін жүз теңге етем деген айлығы шайлығына жетпейтін халықтың бір тобы.

Чатта отырып, сондағы адамдардың бірімен бейнебайланысқа шығуға келістім. Ә дегеннен, «еш ойланба», «менде де сендей күдік болған», «бөрі жақсы болады» деген жылы сөздерін жаудырды. Бұл жүйенің басында кім тұр деген сұрағыма жауап бере алмады. Қайта «басынды қатырмай іске кіріссей, нен бар онда» деп өзіме ұрысып салмасы бар ма. Өзі осыған дейін тапқан табысын жіпке тізді. Сөзіне сенсем, үш айда жинаған қаржысы миллионға жуықтаған. Тек соқыр сенімге негізделген мұндай топтың табыс табу тәсілі пирамидаға ұқсас. Бір адам тағы төрт клиент табуға міндетті. Ол төртеудің артынан он алтысы келеді. Осылайша кете береді. Бірақ түптеп келгенде басында тұрғандар қаржыға қарқ болып, сонындағылар опық жеп, құйған ақшасы күйіп кетеді. Бұл ойымды

экономист Мақсат Халық та құптады: «Дағдарыс басталған кезде елдің, халықтың жағдайы нашарлай бастаған кезде бұндай алаяқтық жолмен ақша табатындардың қатары артады. Сондықтан да бірден айту керек, ақшаны беріп жатқан кезде ол екі есе, үш есе қайтарып береміз деген сөз болса, демек одан міндетті түрде сактанған дұрыс».

Құзырлы органдар күмәнді чаттардың жұмысын бақылауға алғанын жеткізді. Кінәсі айқындалғандар жазадан құтылмайды. Қанша адамды қан қасқатқан «Гарант Ломбард-24» көбін ойландырғандай еді. Алайда сабақ болмаған секілді...

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ұатхан СЕЙПІЛ, дәрігер:

ЕМДІК ӨСІМДІК – ТАПТЫРМАЙТЫН БАЙЛЫҚ

Jas qazaq: Қытай дәрігерлері коронавирусты емдеуге шөп дәрілерді пайдаланғаны туралы айтып еді. Нақты қандай шөптен қандай дәрі жасап, ем-домға қалай пайдаланды?

У.Сейпіл: Шөп дәрімен емдеу – шығыс медицинасының ең негізгі дәстүрлі ерекшелігінің бірі. Шығыстың емдеу тәсіліне қытайға қоса, жапон, корей медицинасы да жатады. Шығыс медицинасының басқа да маңызды емдеу әдістері бар, шөп дәрілермен емдеу соның бір түрі ғана. Әрине, шөп дәрілердің ішінде өкпенің қабынуын емдейтін, өкпедегі метаболизм процестерін реттейтін, өкпедегі ыстық пен суықтың балансын қалыпқа келтіретін дәрілік препараттар қытай медицинасында бұрыннан бар. Тіпті өте жақсы дәрілер мен емдеу әдістері бар. Қытайлар сол дәрілерді коронавирусқа қарсы ем-шара кезінде қосымша пайдаланды. Алайда ғылыми айналым жүйесінде, яғни клиникалық практикада «коронавирусқа мына шөп дәрі өте пайдалы болды» дегенді ешкім



айтқан жоқ. Қазірше айта алмайды. Өйткені бүкіл әлемде бұл дерттің дәрісі, екпесі әлі табылған жоқ. Оны табуға, пайдалануға рұқсат беруге бірнеше жыл кетеді.

Jas qazaq: Біздің елде өсетін қызылмия сияқты дәрілік шөптерді пысықтар шетке апарып сатып жатады. Қызылмия тамырынан басқа қандай емдік өсімдіктер бар бізде? Жалпы емдік шөптерді отандық медицина өндірісінде неге пайдаланбасқа?

У.Сейпіл: Иә, қызылмияның тамыры Қытайға көп жөнелтіліп жатыр. Оны сатумен айналысқан таныстарымыз да бар. Қызылмия Қызылорда өңірінде,

яғни сулы, тұзды аймақтарда көп өседі екен. Жапондар да қызылмия тамырынан көптеген дәрілік заттар шығарады. Әсіресе, қызылмиядан жасалған препараттардан қабынуға (*аллергия*) қарсы дәрі-дәрмек жасайды. Одан қытайлар көптеген емдік дәрілер шығарады.

Қазақстанның жері таулы, сулы, нулы, тұзды келеді. Оның үстіне, табиғи жаратылысы бүлінбеген. Сондықтан, бұл топырақта өскен өсімдік, оның тамыры көптеген емдік шөпке таптырмайтын байлық.

Шөп дәрімен емдеуді клиникалық медицинада қолдану үшін көптеген жыл қажет. Қомақты қаржы, білікті маман, мемлекеттік бағдарлама, арнайы факультет ашу қажет. Сонда ғана дәрі шөп медицинасын халықтық медицинамен байланыстырып дамытуға әбден болады. Ең бастысы, ынта, пейіл, ықылас қажет. Бірақ осының бірі де болмай тұр...

Jas qazaq: Дәл қазіргі індет жағдайында қазақтың дәстүрлі медицинасына сүйенуге бола ма?

У.Сейпіл: Бірнеше мың жылдық тарихы, дәстүрлі жолы бар қытай медицинасының



Ақжүрек



Қызылмия

ковидті емдеуге қауқары жетпеді. Бұл анық. Ал онымен салыстырғанда, «сайда саны, құмда ізі» ғана қалған қазақ дәстүрлі медицинасының өкілдері мұны емдейді деу қисынға келмейді.

Қазақстанда дәстүрлі медицинамен айналысатын мамандар бар. Бірақ дәрілік шөптерді клиникалық медицинада пайдалануға әлі жеткен жоқ. Дәрі жасау, оны өндіріске шығарудың күрделі процесс екенін өздеріңіз де білесіздер. Бір шөптен дәрі жасап, оны клиникалық медицинада пайдалану үшін ондаған жыл, қаржы, маман, бағдарлама қажет дедік. Ендеше «Дәл қазіргі жағдайда коронавирусқа мынадай шөп дәрі пайдалы деу» немесе «қазақтың дәстүрлі медицинасымен емдеу қажет деу» басы артық әңгіме.

Қазақтың дәстүрлі емдеу әдісі дегенде, ең бірінші, шөп дәрі еске түсетіні анық қой. Алайда бардың қадіріне жете алмай отырмыз. Бұл өзі бөлек тақырып...

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!



Алтын тамыр

Жарас КЕМЕЛЖАН

4 MEGAPOLIS

E-mail: jasqazaq2019@mail.ruwww.jasqazaq.kz

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қажеттілігі, әсіресе, қазіргідей індет кезеңінде айқындала түсті. Көрінбейтін соғыстың кесірі кәсіпкерлікке де тиіп жатқаны түсінікті. Тұралап немесе жабылып қалған кәсіпорындарға 15 пайызбен несиені беріп, оның 9 пайызы «Даму» қоры арқылы субсидиялануда. Ал агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру бойынша оның 10 пайызы ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы субсидияланады. Сонда іс жүзінде кәсіпкерлер несиені 6 және 5 пайызбен өтейді. Субсидиялау мерзімі инвестициялар үшін 7 жыл және айналым қаражатын толықтыруға – 3 жыл. Бұл – бизнес иелері үшін өте оңтайлы ұсыныс.

Қарапайым заттар дегенді карабайырлап түсіндірсек, бұл – күнделікті қолданатын тауарлар мен қызметтер. Олардың қатарында тоқыма өнімдері мен жиһаз, азық-түлік өнімдері өндірісі және басқа да тауарлар бар.

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР КӘСІБІНЕ ҚОЛДАУ КӨП

Бұл бағдарламаға шағын және орта бизнес субъектілері де, ірі бизнес өкілдері де қатыса алады. «Қарапайым заттар экономикасы» негізінен 2 бағыттан тұрады. Бірі – кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несиені беру, екіншісі – жоғарыда аталған өнеркәсіп салаларын дамыту. Шымкент қаласында бұл бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлерден құны 87,8 млрд теңге болатын 92 жоба бойынша ұсыныс түскен. Оның ішінде 60-қа жуық жоба мақұлданып, бүгінгі күнге 7,6 млрд теңгеге 37 жоба қаржыландырылды. Бұл жөнінде кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мамандары мәлімдеді.

Сонымен қатар, жыл соңына дейін қосымша 23,3 млрд теңгеге 22 жобаны екінші деңгейлі банктер арқылы қаржыландыру жоспарлануда.

Быттыр жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін бюджеттен 600 млрд теңге бөлінген еді. Оның ішінде 400 млрд теңге – өңдеу өнеркәсібі мен қызметтерді ынталандыруға, 100 млрд теңге – агроөнеркәсіптік кешенде қайта өңдеуге, тағы 100 млрд теңге – агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріске бағытталды.

2025 жылға қарай «қарапайым заттар экономикасы» аясында 16 мың тұрақты жұмыс орнын құрып, бюджетке салық түсімдерін 1,1 трлн теңгеге дейін жеткізу көзделіп отыр. Сол арқылы өндіріс көлемі артып, импорт үлесі 37 пайызға қысқаралды.

Шымкент қаласында да «Қарапайым заттар экономикасы арқылы» қаржылай көмек алып, шаруасын дөңгелетіп отырған шаруа қожалықтары көп. Есепті кезеңде мал басы мен өнімділіктің өсуі байқалып отыр. Мәселен, ірі кара малдың саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12,6 пайызға артып, 82,7 мың басты, қой мен ешкі 5,7 пайызға артып 112,3 мың басты, ал құс 8 пайызға артып, саны 972,1 мың басқа жеткен.




Көрсеткіштердің өсуін шаруалар мал шаруашылығын қолдау мақсатында берілген субсидия және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен берілген қолдаудың нәтижесі деп біледі.

Қазірде жүйелі жұмыстарды жүргізудің нәтижесінде осы жылдың бірінші жартыжылдығында ет өндіру 1,5 пайызға артып, 8,4 мың тоннаға жетті. Сүт 2,8 пайызға артып, 25,7 мың тоннаны құрады. Жұмыртқа 23,1 пайызға өсіп, 74,1 млн дана өндірілді.

Мемлекеттен қаржылай қолдау алып, ет бордақылау кәсібін дөңгелетіп отырған қожалықтың бірі – «Ет өнімдері KZ» ЖШС. Қаратау ауданы, Мәртөбе тұрғын алабында орналасқан шаруа қожалықтың жалпы аумағы 5,5 гектарды құрайды. 3 мың бас ірі мал сыйып кететін бордақылау алаңында қазірде 1500 бастан аса ірі кара мал бордақыланып жатыр.

Мал бордақылау алаңының жұмысымен таныстыру барысында серіктестік иесі өткен жылы бұқашықтарды бордақылау құнын арзандату бойынша мемлекет тарапынан 148,1 млн теңге көлемінде қолдау көрсетілгенін атап өтті. Сонымен қатар, 2020 жылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен 100 млн теңге несиені алып, шаруашылығын кеңейтіп жатқанын жеткізді.



Бұдан бөлек, Мәртөбе тұрғын алабында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуші, негізінен сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын «ЭМ-НҰР» ЖШС де бар. Кәсіпорынның жылдық қуаты 6 600 тонна сүтті қайта өңдеп, 550 тонна қатты ірімшік өндіруге жарап тұр. Бұл кәсіпорын биылғы жылы 262 тонна қатты ірімшік өндірісіне 87 987,3 мың теңге субсидия алған.

Сондай-ақ аумағы 2,2 гектарды құрайтын «Иляев» ЖК өндірістік жылыжай кешені аталған бағдарламамен қаржыландырылған. Кешеннің жылдық қуаты 800 тонна қызанақ өндіруге



бағытталған. Қазіргі таңда 600 тонна өнім жиналыпты. Егілген қызанақ сорттары – «Мерлис» және «Пембе». Кәсіпкердің өндірістік жылыжай кешенін құруға жұмсаған шығынына мемлекет тарапынан 139 256,0 мың теңге қолдау көрсетілген.

КЭМПИТ ПЕН САҒЫЗ ДА ТАБЫС ӨКЕЛЕДІ

«Қарапайым заттар экономикасы» бойынша мемлекеттен несиені алып, кәсібін өрге домалатқандардың бірі – шоколадты кәмпит және сағыз шығаратын кондитерлік фабрика «NURTAU distributioncompany» ЖШС.

Біздің елімізде екі ірі компания кәмпит пен түрлі тәттілер шығарады. Кондитерлік өнімдердің 80-90 пайызы басқа мемлекеттерден келеді. Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас Өзбекстан астанасы Ташкентте сағыз шығаратын 12 зауыт, кәмпит шығаратын 100-ден аса өндіріс орны бар екен. Демек елімізде де кондитерлік фабрика ашу – ісі кезек күттірмейтін мәселенің бірі. «NURTAU distributioncompany» сол мәселенің байыбына барып, мемлекет қолдауына сүйене отырып, өзіміздің таза отандық тәттілер мен сағыз шығаруды қолға алды. Айта кетейік, бұл компания елімізде сағыз шығаратын жалғыз кәсіпорын.

Шымкенттік кәсіпкер Даврон Юлдашевке жоғарыдағы бағдарлама бойынша кәсібін жүргізу үшін бар болғаны үш-ақ апта кетіпті. Кәсіпкер жергілікті Кәсіпкерлер палатасына бармай тұрып, бір жыл бойы банктердің табалдырығын тоздырған. Өйткені мүлктік кепілге қоятын

дүниесі болмай, қаржы ұйымдарынан несиені ала алмапты.

Ақырында олар тасымалдаушыдан өндірісшіге айналып шыға келді.

«Nurtau distributioncompany»-дың негізі 2016 жылы қаланып, шетелден жуынуға арналған заттар, кондитерлік өнімдер мен сағыз жеткізумен айналысты», – дейді дистрибьютерлік компания директорының орынбасары Даврон Юлдашев. – Біз Шымкент

шығаруда. Ал оларға алғашқы қадамды жасау үшін «Бизнесің жол картасы-2020» және «Қарапайым заттар экономикасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың мықты қолдауы қажет еді.

Аяқ киім фабрикасының сөрелерінде 50 түрлі үлгі бар. Олар – әр түрлі түс пен түрге ие туфлилер, табиғи жүннен жасалған қыстық аяқ киім және кроссовкалар. Барлық үлгі көрме залына орналастырылған, дәл осы жерде шикізат пен фурнитура да бар. Кәсіпкерлер былғарыны Түркиядан әкеледі екен. Әрине, жолға кеткен шығын өнім бағасын қымбаттатпаса, арзандатпаса анық.

«Біздің былғары 100 пайыз түріктікі. Жергілікті былғарының сапасы төмен, сондықтан сәйкес келмейді. «Халал» сападағы былғарымен жұмыс істейміз. Ал жергілікті, тіпті, ресейлік өндірушілер даңыз терісін пайдаланады. Ал бұл басқаша, тіпті, иісі де өзгеше. Мұндай аяқ киімдер бір маусымға әрэн жетеді», – деді кәсібінің қыр-сырымен бөліскен кәсіпкер Нұрсұлтан Балабиев.

«Фурнитураны да сырттан әкеліп жатырмыз. 30 пайызы –жергілікті, қалғанының бәрін Түркиядан алдыртамыз. Бұл бізге тиімді болғаннан емес, амалдың жоқтығынан. Себебі біздің елімізде әлі аяқ киім өндірісі дамымаған. Отандық былғары халықаралық стандартқа 50 пайыз ғана сай келеді, Ресей мен Өзбекстанда да тура сондай жағдай. Уақыт өте келе біз жұмыскерлерімізді былғарыны қайта өңдеуге үйретіп, оны осы жерден-ақ сатып алатындай дәрежеге жеткізсек дейміз. Бұл логистикаға да әсер еткен болар еді», – дейді фабриканың атқарушы директоры Гайрат Хасанбаев.

Фабриканың құрылысы мен іске қосылуы 400 млн теңгеге түсіпті. Бұл соманың ішіне жеке құрал-жабдықтар мен мемлекеттік қолдау, банктен алған қомақты қаржы да кіреді. Бұл жерде тек түрік құрал-сайманын ғана істетпейді, түріктердің шикізатын да пайдаланады. Шетелдік мамандар өзiрге жетекші ретiнде үйретiп жүргенге ұқсайды. Екеуi құрылғыны бақыласа, бас инженер



қаласына сағыз жеткізетін жалғыз тасымалдаушы едік. Осыдан бір жыл бұрын алып-сатпай-ақ, өзіміз өндіруге дайын екенімізді ұқтық. Оның үстіне сату, байланыс, өнімді өткізу орындары, барлық жағынан әбден тәжірибеге жинақтадық. Шоколадты кәмпит, піспенан мен сағыз өндіретін кәсіпорын ашуды армандадық. Екінші деңгейлі банктерге бардық, барған жеріміздің бәрі дерлік мәселімізді қайтарып тастады. Сөйтіп жүргенде бір танысымыз «Кәсіпкерлер палатасына барындар» деп ұсыныс тастады. Ол жердегі мамандар бізге «Қарапайым заттар экономикасы» деген арнайы жобалық кеңсе жұмыс істейтінін, отандық өнім өндірісін барынша қолдайтынын айтты. Сонымен не керек, біз осы бағдарламаға қатыстық.

Сарапшылар индустриалды аймақтан 1,3 гектар жерді тегін беріп, құжат әзірлеу, сонымен бірге жобаның жүзеге асуы үшін қолынан келген көмегін аянып қалған жоқ. Банк 330 миллион теңге несиені 6 пайыз берешегімен мақұлдады. Сөйтіп қазіргі зауытымыздың құрылысын бастап кеттік.

Компанияның коммерциялық директоры Бақытжан Арыновтың айтуынша, зауыттың құрал-жабдықтары мен қондырғылары Түркиядан әкелінген. Зауыттың құрылысы 9 айда толығымен аяқталып, кәсіпорын өз жұмысын Елорда күнінің қарсаңында жана тыныспен бастаған.

Қазірде фабрикада ай сайын кәмпиттің 10 түрі (140 тонна), сағыздың 10 түрі (100 тонна) шығарылады. Зауытта 130-ға жуық адам жұмыс істейді. Ал шикізаттың 80 пайызы өзімізден, қалған 20 пайыз шетелден әкелінеді.

«LUX SHOES» – ОТАНДЫҚ АЯҚ КИІМ БРЕНДІ

Отандық кәсіпкерлер өз жерлестерін тек киіндіріп қана қоймай, аяқ киіммен де қамтамасыз етуде. «Lux Shoes» ЖШС жауын-шашында жырылмайтын



төпші шығарып жатыр. Бизнес-жоспарын жасап, серіктестер мен цех жұмысына қажетті қондырғыларын орнату үшін бірнеше ай қажет болды. Қазірде шымкенттік кәсіпкерлер елімізде бірінші болып таза былғарыдан ерлер аяқ киімін

аяқ киімнің сапасы, өлшемі, былғарының қайта өңделуін назарында ұстайды.

«Біз жұмыс барысында мамандарымызды үйретіп жатамыз. Карантинге дейін бізде 100-ден аса адам жұмыс істейтін. Карантин кезінде фабрика жұмысы бәсеңдеп қалды. Жұмысшыларымыз аяқ киім өндірісін жақсы білмейді, сондықтан оларды нөлден бастап үйретіп жатырмыз», – дейді кәсіпкер Нұрсұлтан Балабиев.

Шеберханадағы әрбір қызметкердің өзіне белгіленген тапсырмасы бар. Бірі дизайны мен пішімімен айналыса, екіншісі былғарыны дайындайды, тағы бірі осының барлығын кебіске айналыдырып, келесісі біртегіс етіп тігіп, тауарды буып-түйіп қаптайды. Сапа жағы әрбір сатыда бақылауда болады. Фабрикада күніне 150 жұп аяқ киім шығарылады. Кәсіпорынның қуаты күніне 1500 жұптан шығаруға әбден жетеді. Бірақ әзірге бұл жерде өнім санына қарап жатқан жоқ. Шеберлер соншалықты ауқымды игере алмай қала ма деп қорқалды.

Қазірде кәсіпкерлер фабрикада «LuxShoes» атты жеке брендпен аяқ киімдер шығаруда. Әзірше тауарды Шымкент пен Тараз, Алматы, Астана сияқты жақын облыстарға жіберіп жатыр. Логистика мен тасымал жағынан қиындықтар жоқ. Әйтсе де, алдағы уақытта кәсіпорынның ТМД және Орталық Азия елдеріне экспорттау жоспары бар. Бұны іске асыру аса қиын емес көрінеді. Себебі еліміздің оңтүстігінде тасымалдау жүйесі айтарлықтай дамыған. Сонымен бірге кәсіпкерлерге өндіріс қуатын алысатарлардың тапсырысы есебінен де арттыруға болады. Мұндағы құрылғы кез келген брендтің аяқ киімін шығаруға жарайды. Ал Шымкенттегі «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орын тепкен зауыттың логистика мәселесімен тапсырыс берушілер айналысатын болады.



P.S.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы тек Шымкенттің өзінде 7,6 млрд теңгеге 37 жобаны қаржыландыруға мүмкіндік берді. Бұл еліміздің өзге аймақтарына қарағанда жақсы көрсеткіш. Үшінші мегаполистегі экономикалық және индустриалдық аймақтан әр алуан бағыттағы зауыттар бой көтеріп, жергілікті халықты жұмыспен қамтып отыр. Отандық өнімді сату нарығы да жаман емес. 2025 жылға қарай мұндай кәсіпкерлердің саны еселеп артады деген болжам бар.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Құқық мәдениеті

Нұр-Сұлтан қаласы сотының татуластырушы-судьялары, адвокаттары және заң кеңесшілері соттың татуластыру рәсіміне арналған шараларын талқылады. Бұл туралы газетімізге Нұр-Сұлтан қалалық сотының баспасөз қызметі хабарлады. Онлайн жиында партисипативтік рәсімдерді (татуластырудың жаңа тәсілі) кеңінен ерістету және талап қою арыздарын кері қайтарудың себептері айтылды.

БІТІМГЕ КЕЛУ ФОРМУЛАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласының соты азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Шолпан Нүсіпова «Кікілжінсіз әлем» жаңа пилоттық жобасының іске қосылғанын айтты. Ол: «Жоба – татуласуды жұртшылыққа танымал етуге және қоғам ішіндегі жанжалды жағдайларды азайтуға бағытталған. Жобаның мәнісі мынада. Елорданың барлық аудандық соттары сотқа дейінгі тәртіппен реттелмеген даулар туралы талап қоюлар бойынша кері қайтарылған арыздың көшірмесін және сот ұйғарымын татуластырушы судья (электрондық почта арқылы)



татуласу орталығына жібереді. Судья осы орайда тараптарға дауды шығын шығармай татуласу арқылы шешу мүмкіндігін пайдалану құқығын түсіндіреді. Тараптар, сонымен қатар татуласу рәсімінің артықшылықтары

туралы да хабарлар етіледі. Бұл неке-отбасы, шарттық, мұрагерлік және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға қатысты», – деп атап өтті. Алдағы уақытта дауласқан екі тараптың мәселесі сотқа жетпей, «Кікілжінсіз әлем» жобасы бойынша шешімін табады. Екі тараптың татуласуы үшін арнайы мамандар қызмет көрсетеді. Алдымен ала түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, азаматтарға толық ақпарат берілетін болады. Ал татуластыру рәсімдері тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылатын болады. Естеріңізге сала кетейік, Нұр-Сұлтан қаласының татуластыру орталығында медиатор, психолог және адвокаттар тегін қызмет көрсетеді.

ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Алматы қалалық сотында пандемияның жағымсыз салдарын азайту мақсатында еңбек, сақтандыру және банк дауларының алдын алу мәселелері сөз болды.

Алматы қалалық сотының баспасөз қызметі ұсынған мәліметке жүгінсек, пандемияның жағымсыз салдарын азайту және соттың дауларды шешудің соттан тыс институттарымен өзара әрекеттесу механизмін жасау мақсатында еңбек, сақтандыру, банк дауларының, сондай-ақ қоғамдық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулардың алдын алу тақырыбы бойынша талқылау бейнеконференция жүйесі арқылы өтті.

Іс-шараға Алматы қалалық сотының судьялары Руслан Бәйішев, Венера Токтарбаева, Гүлбадан Тұрымова, Алмас Рамазанов, «Атамекен» ҰҚП өкілдері, Кәсіподақтар федерациясы, Татуласу орталығы, екінші деңгейлі банктердің өкілдері, сондай-ақ сақтандыру омбудсмені қатысты. Дөңгелек үстелге қатысушылар пандемияның әлеуметтік салаға және тұтастай елдің экономикасына әсерін болдырмауға бағытталған мемлекет қабылдаған

шаралар аясында талқыланған өзекті тақырыпты атап өтті. Судья Руслан Бәйішев өз сөзінде құпиялылыққа, кәсіпорынның беделін сақтауға,



дау-дамайды азайтуға, дауды мүмкіндігінше тезірек шешуге кепілдік беретін дауларды шешудің балама әдістері институттарын дамытудың он тенденцияларын атап өтті.

Онлайн іс-шараға қатысушылар арасында қызу және сындарлы диалог өтті, пікірлер, проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары айтылды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Мамандыққа адалдық

Бірнеше айдан бері ақ халатты абзал жандар тәжтажалға қарсы аянбай күресіп келеді. Олардың қатарында болашақ дәрігерлер де бар. Алматыдағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің жоғары курс

студенттері пандемияның алғашқы күнінен бастап-ақ көмекке келді. Болашақ мамандығына адалдық танытып, қатерге бас тікті. Jas qazaq тілшісі індетпен күресіп жатқан жандардың бірнешеуіне жолығып, тілдесіп қайтты.



Айбек ЕРМЕКБАЙ, хирургия бөлімінің резиденті:

ВИРУСТЫҢ БӘСЕҢДЕГЕНІ БАЙҚАЛАДЫ

Айбек Ермекбай – «хирургия» мамандығы бойынша интернатура түлегі. С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ға 2013 жылы түскен. Қазір Алматыдағы Орталық қалалық клиникалық аурухананың жедел ота жасау бөлімінде мейіргер болып жұмыс істейді. Әрі мамандығы бойынша резидентурада білім алуда.

«Дәрігер боламын деген ой 10-сынып оқып жүргенімде келді. Сол кезде ангинам қатты асқынып, дәрігерге жүгінгенім бар. Ақ халатты жандардың емдеу тәсілі мен іс-әрекеттері қатты қызықтырды. Содан химия мен биология пәнін тереңірек оқып, ҰБТ -ға медицина саласы бойынша дайындалдым. Арманым орындалып, медицина университетіне оқуға түстім. 5-курсдан бастап Орталық қалалық клиникалық ауруханасының жедел ота жасау бөлімінде мейіргер болып жұмыс істеймін. Бұл індетпен мен де ауырдым. Бөріңіз білесіздер, мамыр айында біздің аурухананың қызметкерлері жаппай коронавирус жұқтырды. Алғашында жұқпалы аурулар клиникасында, одан кейін провизорлық орталықта емделдім. Бастапқыда қиын болды. Бұл індет емделе ме, жоқ па, бізге бұл жағы беймәлім болды.

Бірақ ата-анамның, әріптестерім мен достардың қолдауымен бұл індетті жеңіп шықтық. Жаппай вирус таралғаннан кейін біздің орталықтың атауын көпсалалы инфекциялық стационар деп өзгертті. Сол күннен бастап коронавирус жұқтырған науқастармен жұмыс істеп келеміз. Ең алдымен қорғаныш костюмін киеміз. Барлық сақтық шаралармен орындап, содан кейін жұмысқа кірісеміз. Біз қазір жедел жәрдеммен келген науқастарды қабылдаймыз. Ең алдымен анализ алынып, томографияға түсіріп, қажет жағдайда операциялық блокқа жатқызамыз. Операциялық блокқа хирургтың көмекшісі қызметін атқарып, ота жасауға көмектесеміз.

Қазір вирустың бәсеңдегені байқалады. Менің ойымша, біздің билік пен денсаулық сақтау министрлігі дер кезінде дұрыс шешім қабылдады. Бірақ вирустың барынша азаюы негізінен тұрғындарға да байланысты. Карантин ережелерін қатаң сақтауымыз керек. Әлеуметтік арақашықтық та сақталу керек. Біздің дәрігерлер білікті әрі тәжірибелі. Қазір қорқыныш сезімі байқалмайды. Мен дәрігер мамандығын таңдағанымға еш өкінемеймін. Бұл менің мақсатым. Дертпен айығып, ауруханадан жүзі бал-бұл жанып шығып бара жатқан адамдарды көргенде – барлық қиындық артта қалады».

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

SERPIN

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Емханаға электронды түрде тіркелу жағы да өткен жылы қолға алынды. Медицина мекемесіне электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦК) арқылы тіркелу жалған есептің жолын кесуі тиіс еді. Бірақ бұл да кедергі болмаған сияқты. Биыл «аурудан ақша сауудың» әккі амалы мүлде басқаша қырынан көрінді.

МӘСҚ (Медициналық әлеуметтік сақтандыру қоры) медициналық мекемемен келісім негізінде тұрғындарға тегін

әңгіме жоғарыда айтылған шапартың дәл осы қосымшадан көрінуде болып отыр. Датумед-ті іске қосқандар өз уәжін алға тартады. «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» компаниясының бас директоры Наталья Киль былай дейді: «Біз қалағалау органы немесе денсаулық сақтау басқармасы емеспіз. Біз шынайы ақпаратты көруге, заң бұзушылықты анықтауға мүмкіндік бердік. Цифрландырудың да басты мақсаты – осы». Олар келіп түскен шағымның бәрін денсаулық сақтау министрлігіне жөнелтуге дайын. Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Бағдат Қожахметовтың осы оқиғаға қатысты

«АУРУДАН АҚША САУУ» – 2



дәрігерлік қызмет көрсеткені үшін төлем жасайды. Биылғы жарты жылдың ішінде амбулаториялық-емханалық көмек есебінде ақпарат жүйесінде көрсетілген, ал шын мәнінде көрсетілмеген (!) 11 607 қызмет анықталды. Жалған қызмет үшін 75 415 970 теңге төленген. МӘСҚ баспасөз қызметі таратқан хабарламада өтірік емдегені үшін ақша алған мекемелер медициналық қызмет құнының 300 пайызын құрайтын айыппұл төлейтіні жария етілді (кімде-кім өзіне қатысты осындай жалған мәліметті анықтаса, 1406 нөміріне немесе Qoldau 24/7/ мобильдік қосымшасына хабарлай алады).

Қазір әлеуметтік желіде Датумед мобильді қосымшасынан өздері жайлы қызық мағлұмат тапқандардың жазбасы көбейді. Бір бойжеткен өткен жылдан бері аяғы ауыр екенін білсе, енді бірі түнгі бір жарымда дәрігерге жазылғанын көріп тан қалған. Тізе берсе, көп. Медициналық қызметті бір арнаға тоғыстырған осы жүйе арқылы дәрігердің қабылдауына жазылу, жедел жәрдем шақыру сияқты қызметке қол жеткізуге болады. Уақыт үнемдеу жағынан қолайлы екеніне сөз жоқ. Дегенмен бұл қосымшада еліміздегі барлық емханадан қамтылмаған. Сондықтан кез келген тұрғын оны пайдалана алмайды. Әлі де олықлықтары бар екенін жұрттың жазбасы да растайды. Бірақ әңгіме ол туралы емес. Әрі-беріден соң ол қосымшаны жаппай пайдалану да міндетті емес. Қазіргі

мәлімдемесі мынадай: «Қазір заң тұрғысынан сараптама жасалуда. Дәрігерлер мен емхана басшыларына қатысты жазаны қатаңдату жағын қарастырамыз. Бұл – өрескел заң бұзушылық. Мұндай қателіктер адам өміріне, денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін». Мәжіліс төрағасының орынбасары Владимир Божко да Датумед жүйесіндегі жалған дерекке қатысты өз пікірін білдірді. Ол: «МӘСҚ емханалардың қызметін қалағаламайды. Бұрын денсаулық сақтау министрлігінің тауар сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті мұны қатаң қадағалайтын. Қазір МӘСҚ-да қызметкер саны көбейді. Басшысы денсаулық сақтау министріне қарағанда екі есе жоғары айлық алады. Ал бақылауды ұйымдастыруға құлқы жоқ», – дейді.

Осы мәселе бойынша ши шыққанда денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Датумед-тегі жалған мәліметке қатысты тексеру жүргізілетіні жөнінде уәде берді. Тексеруді аяғына дейін жеткізеді деп үміттенеміз. Ақ-қарасы сол кезде белгілі болады.

Гүлнар АХМЕТОВА

Q БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА: Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Әсет Исекешов осы мәселеге қатысты деректерді тексеруді өз бақылауына алды.

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖӘРДЕМІ



Сұңғат ӨТЕГЕН, хирургия бөлімінің резиденті:

АНАМДЫ ЕМДЕП АЛДЫМ!

Сұңғат Өтеген – Түркістан облысының тумасы. Қазір ол хирургия бөлімінің резиденті. Сұңғат коронавирустың өз өміріне қалай әсер еткені туралы айтып береді.

«Дәрігер болу менің бала күнгі арманым. ҚазҰМУ әлемдегі ең мықты оқу орнының бірі дер едім. Білікті ұстаздардың арқасында жақсы білім алдым. Пандемияға дейін Іле аудандық орталық ауруханасында тәжірибеден өтіп жүрген едім. Елімізде карантин жарияланған күннен бастап Алматыдағы №4 қалалық ауруханада кезекші терапевт болып осындағы дәрігерлерге көмектесемін. Бастапқыда университет ректоры Талғат Нұрғожинның қолдауымен шетелден келген отандастарды қабылдауға атсалыстық. Оларды күтіп алып, жатақханаларға орналастырып, сараптама алдық. Індет жұқтырғандардың сауығуына көмектесіп, бар күшімізді аямадық.

Өзім де жеңіл түрімен ауырдым. Жазылған соң қатарға қайта қосылдым. Алғашында бұл індетпен анам ауырды. Сол кезде қатты қамықтым. Анам ауырғанда ұстазым Ұлан Қанатқанұлы қолдау көрсетті. Екі апта бойы анама үйге барып система салып жүрдім. Анамнан кейін әжем ауырды. Әжем ауырған кезде ештеңенен қорықпай тиісті ем-домды өзім жасадым. Екеуі де дертті жеңіп шықты. Жақындарымның емделуіне көмектесе алғанымға қатты қуандым. Бұрын туыстарым ем іздеп келсе, әріптестеріме жіберетінмін. Қазір еш келергісіз емдей аламын».



Бердібек АҒАБЕК, жалпы тәжірибелік дәрігер мамандығының 5-курс студенті:

КАРАНТИН ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАУҒА ШАҚЫРАМЫН

Бердібек Ағабек – ҚазҰМУ-дің жалпы тәжірибелік дәрігер мамандығының студенті. Басты мақсаты – науқастың сауығып кетуіне көмектесу.

«Дәрігер мамандығын әкемнің қалауы бойынша тандадым. Ол менің медицина маманы болғанымды қалады. Сондықтан да осы оқу ордасын тандадым. Тандауыма еш өкінемеймін. Білікті ұстаздардан тәрбие алып, қаламыздағы емханалардан мол тәжірибе жинақтадым. Наурыз айының ортасынан бастап №7 қалалық ауруханасында волонтер-мейіргер болып жұмыс істедім. Біз дәрігерлерге көмектесіп, шетелден келген азаматтарымызды қабылдадық. 1 маусымнан бастап И.С.Жеңенов атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасында мейіргер болып жұмыс істеймін. Біз қорғаныш киімдерімен 100 пайыз қамтылдык. Қазір біздің міндетіміз емделушілерге пневмонияға қарсы массаж жасау, еkle мен система салу. Ауыр костюммен жұмыс істеу қиын. Қиын болса да өз міндетімізді атқарып жүрміз. Менің басты мақсатым – ем іздеп келген әрбір жанға көмектесу. Мен баршаныңды карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Барлығы өз қолымызда».

Әлемге әйгілі Eni компаниясы Ақтөбе облысының Қарғалы ауданында орналасқан Бадамша жел электр стансасында коммерциялық өндірісті бастады. Компанияның баспасөз қызметінің газетімізге ұсынған деректеріне жүгінсек, қуаты 48 Мвт (13 жел-турбина генераторы) болатын аталған станса осы өңірге жыл сайын 198 ГВтс (қызметі 25 жылға есептелген) шамасында электр энергиясын беріп, 172 000 тонна көмірқышқыл газының ауаға тарауына тосқауыл қояды.

Бұл жобаға Kazakh Invest ұлттық компаниясы қолдау көрсетіп, американдық GE Renewable Energy де атсалысып жатыр. Жел стансасы Eni-дің еншілес компаниясы — ArmWind ЖШС тарапынан жүзеге асырылуда.

жел энергиясына тұнғыш кең ауқымды инвестициясы болып табылады. Сонымен қатар, инвестордың еліміздегі

БАДАМШАНЫҢ ЖАРЫҒЫ



аса ірі жаңғыртпалы энергия саласында жүзеге асқан жобаларының алғашқысы. Өткен жылы елімізде өткізілген аукциондардың нәтижесінде осы Бадамша жобасын ұлғайтудың екінші кезегі ретінде қосымша 48 МВт-тық жел электр стансасын («Бадамша-2») салу және Түркістан облысында 50 МВт-тық күн электр стансасы

Баламалы қуат көзімен қамтамасыз етуді көздейтін жоба Қазақстан Республикасының энергетика министрлігі мен Италияның Eni компаниясы арасындағы елімізде жаңғыртпалы энергияны дамыту мақсатында 2017 жылдың маусым айында қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандумның жүзеге асырылуының нақты нәтижесі болып табылады. «Бадамша» жел электр стансасының ашылу рәсімі былтырғы желтоқсан айында өтті. Инвестиция көлемі құрылыстың бастапқы сатысында 33 млрд теңгені құрайды. Бұл — Ақтөбе өңірінде жаңғыртпалы қуат көздері саласы бойынша жүзеге асқан алғашқы жоба. Айта кеткен жөн, Бадамша ауылында салынған жел электр стансасы мұнай және газ секторындағы танымал компанияның



құрылысын іске асыру құқығын ArmWind ЖШС иемденді. Биыл құрылысы басталған «Бадамша-2» жел электр стансасы 2021 жылдың үшінші тоқсанында пайдалануға берілмек. Құны 90 млн теңгені құрайтын жоба іске асқанда жел паркінде 15 маман адам жұмыс істейді.

Әлемді есеңгіреткен пандемиядан туындаған экономикалық дағдарыс көптеген елдерді тығырыққа тіреп қойды. Әр мемлекет одан шығудың жолын іздеп жатыр. Дәл қазіргі қалыптасқан жағдайда қуат көздердің үнемдеудің маңызы зор. Бұл ретте жаңғыртпалы энергетиканың мүмкіндігін пайдаланып отырған мемлекеттер ұтады. Біздің еліміз де мұндай қуат көздерінен кенде емес. Атырау өңірінде бұл бағытта қолға алынған жобалар бар.



ЖЕЛДЕН ҚУАТ АЛАДЫ

Айталық, қазіргі уақытта атыраулық студенттер телефондарын сымсыз қуаттандыру мүмкіндігіне ие болды. Желден қуат алатын «ақылды терек» бүгінде Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ауласында тұтынушыларға қызмет етіп тұр. Сонымен бірге, Атырауда Исатай ауданына қарасты Манаш ауылының маңынан жел электр стансасы пайдалануға берілді. Бұл станса Атырау облысында өндірілетін барлық электр қуатының 13-14 пайызын құрап отыр. Құны 12,3 млрд теңге болатын жоба бүгінде электр энергиясын балама

МАМАН ПІКІРІ

Бауыржан ТҰҚФАТОВ, Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы:

«ВетроЭнерготехнологии» ЖШС мердігер компаниясы Атырауда ұдайы жел соғатын жерді таңдауға екі жылдай уақыт жұмсады. «Жел қалақтарының» қалыпты жұмыс істеуі үшін желдің жылдамдығы 4-тен 25 м/с-қа дейін болу қажет. Жел күшейген жағдайда қондырғы автоматты түрде өшіп, қолайлы ауа райын күту режиміне ауысады»

көзден алуға мүмкіндік беруде. Желден энергия алуға есептелген стансаның жалпы қуаты — 52 мегаватт. Бұл кешен 36 жел электр қондырғысынан құралып отыр. Олардың әрқайсысының салмағы шамамен 230 тонна, биіктігі 100 метрден асады. Мамандардың айтуынша, жел электр стансасының Манаш ауылы маңынан салынуы да тегін емес. Себебі, дәл осы жерде желдің жылдамдығы секундына 10-12 метрге дейін жетеді. Ал Манаш ауылында іске қосылған жел электр стансасының толыққанды жұмысы үшін желдің секундына 4 метрге дейін соғуы жеткілікті.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

- Жел электр стансасының құрылысы жаңғыртпалы қуат көздерінің құрылысын дамытуға арналған бағдарлама негізінде жүргізілді.
- Жоба бастамашысы — «ВетроЭнерготехнологии» ЖШС
- Жел электр қондырғыларының жалпы биіктігі 100 метрден асады. 4 секциядан тұратын тіреу салмағы 148 тоннаны, генератор 58 тоннаны, ал «винт» қалағының салмағы 21 тоннаны құрайды. Бір қалақтың ұзындығы — 32 метр, ал ротормен бірге осы алып «пропеллердің» диаметрі — 65 метр.

Талап ТІЛЕГЕН

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Көмірсутегі

«Қаз Мұнай Газ» ұлттық компаниясы» биылғы алты айдағы өндірістік нәтижелерін жариялады.

МҰНАЙ ӨНДІРІСІ

Ғаламдық пандемия экономиканың өзге буындары секілді отандық мұнай-газ секторына да кері әсерін тигізді. Соған қарамастан, ұлттық компанияның көрсеткіштері жаман емес. Айталық, биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында компанияның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 11 345 мың тоннаны (тәулігіне 467 мың баррель) құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,1 пайызға төмендеді. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 3,9 пайызға — 4 321 млн текше метрге артты.

Мұнай өндіру, мың тонна	6А 2020	6А 2019	%
Теніз (20%)	2 852	2 992	-4,7%
Қашаған (8,44%)	673	472	42,5%
Қарашығанак (10%)	562	535	5,2%
Өзенмұнайгаз (100%)	2 746	2 751	-0,2%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	1 526	1 579	-3,3%
Ембімұнайгаз (100%)	1 353	1 430	-5,4%
Өзгелер	1 631	1 946	-16,2%
Барлығы	11 345	11 704	-3,1%

МҰНАЙ ТАСЫМАЛЫ

Алғашқы жартыжылдықта мұнай тасымалдау көлемі 4,2 пайызға — 37 329 мың тоннаға (КМГ үлесіне) дейін кеміді. Магистральды құбырлар бойынша мұнай тасымалдау көлемі 3,1 пайызға төмендеп, 32 435 мың тоннаны (КМГ үлесіне) құрады. Мұнайды теңізбен тасымалдау көлемінің 10,8 пайызға — 4 894 мың тоннаға дейін төмендеуі негізінен Жерорта теңізіне жүк жөнелтушілерге тиесілі көлемнің азаюымен түсіндіріледі.

ҚМГ: ӨНДІРІС ПЕН ТАСЫМАЛ

Мұнай тасымалдау, мың тонна	КМГ үлесіне	100%	6А 2020 және 6А 2019 өзгерісі, %
ҚазТрансОйл (90%)	21 510	21 510	-3,1%
Қазақстан-Қытай құбыры (50%)	3 766	7 532	-6,9%
Мұнай Тас (51%)	686	1 345	-22,9%
Каспий Құбыр Консорциумы (20,75%)	6 473	31 195	2,3%
Қазақ көлік теңіз флоты (100%)	4 894	4 894	-10,8%
Барлығы	37 329	-	-

ГАЗ ТАСЫМАЛЫ

ҚМГ-ның магистральды газ құбырлары бойынша газ тасымалдау көлемі 9,8 пайызға — 45 172 млн текше метрге дейін төмендеді. Көлемнің төмендеуі негізінен Қытайға жөнелтілетін Орта Азия газының транзиттік көлемінің азаюына, Қазақстан аумағы арқылы «Газпром» ЖАО ресейлік газдың транзиттік ағындарының төмендеуіне және Ресейге Қарашығанак газы экспортының азаюына байланысты болды. Тауарлық газ сату көлемі былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,6 пайызға шамалы ұлғайып, 11 813 млн текше метрді құрады. Тауарлық газ экспорты 4 224 млн текше метрді құрады.

Газ тасымалдау, млн м³	КМГ үлесіне	100%	6А 2020 және 6А 2019 өзгерісі, %
Интергаз Орталық Азия (100%)	30 982	30 982	-10,4%
Азиялық Газ Құбыры (50%)	9 629	19 258	-17,4%
Бейнеу-Шымкент газ құбыры (50%)	3 192	6 383	24,3%
ҚазТрансГаз Аймақ (100%)	1 369	1 369	7,4%
Барлығы	45 172	-	-

МҰНАЙ ӨНДЕУ

Елімізде карантиннің енгізілуіне байланысты мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс едәуір төмендеді. Бұл жәйт отандық мұнай өндеу зауыттарының өндірістік қызметіне елеулі әсер етті. Қоймада тауардың шамадан тыс жиналып қалуын болдырмау үшін мұнай өндеу және мұнай өнімдерін шығару көлемі азайтылды, бірақ өндіріс тоқтаған жоқ. Мұнай өндеу зауыттарының жұмысы мұнай өнімдерін шығарудың қажетті көлеміне сәйкестендірілді. Қазіргі уақытта зауыттар өздерінің өндірістік қызметін жалғастыруда. Отандық МӨЗ-дер алғашқы жарты жылда 5 415 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,3 пайызға төмен.

Мұнай өндеу, мың тонна	6А 2020	6А 2019	%
АМӨЗ(100%)	2 633	2 699	-2,4%
ПМХЗ (100%)	2 056	2 475	-16,9%
ПҚОП (50%)	1 135	1 315	-13,7%
Caspi Bitum (50%)	196	181	8,5%
Петромидия (54,63%)	2 116	3 126	-32,3%
Вега (54,63%)	154	202	-23,6%
Барлығы	8 290	9 997	-17,1%

Дереккөзі:
КМГ баспасөз қызметі

Өлді деуге бола ма?

Жақсылық десе, жақсылық еді-ау! Кім ойлапты, Жақсылық Үшкемпіров туралы естелік жазамын деп? Амал қанша, солай болып тұр. Бұрынғы қазақтар кісіні «өлді» деген, «қайтыс болды» дейді. Жәкең де қайтпас сапарға аттанды. Осылай айтуға ауыз бармаса да, жазуға тура келді...

Жақсылықтың балуан болуының бір сыры бар. Баланы туған топырағында балуандыққа жетелейтін, қызықтыратын, еліктететін үлгі мен өнер болуы қажет. Ондай үлгі қазақ елінде көп-ақ. Үлкендердің «Бар да күрес, жығылсаң, жер көтереді» деп баласына айтып отыруында үлкен сыр мен сын бар. Жақсылықтың балуан болып қалыптасуына туған жерінің берген үлгі-өнегесі болғандығы сөзсіз. Әркімнің күресті үйренуі ықтимал, ал шын балуандыққа туа біткен қабілет пен күрестің айла-тәсілін кәсіптік деңгейде меңгерген адам ғана жете алады. Соның бірі және бірегейі — Жақсылық Үшкемпіров болды.



Жәкен көптеген спорттық жарыстардың ұйымдастырушысы, өткізушісі, бас төрешісі болды. Ол қазақ күресі чемпионаттары, «Қазақстан барысы» турнирлерінің, жасөспірімдер біріншіліктерінің бас төрешісі, құрметті қонағы болды. Ол өмірін спорттың қайнаған ортасында өткізді. Сондай жарыстардың бірі — Қазақ күресінен 2000 жылғы Қазақстанның республикалық чемпионатын үлкен қалаларда, облыс орталықтарында емес, шығыстағы Үржар ауданында өткізуді ұйғарып, Жәкенді бас төрешілікке шақырды. Ол келісімін берді. Жарыс ауданның орталығы Үржарда үлкен саябақтың ортасындағы алаңда өтті. Жарысқа халық өте көп жиналды. Ел-жұрт болатын жарысты алдымен Жақсылыққа сәлем беруден бастады. Оның қолын алып, баласына бата беруді сұраған шығыстық жерлестеріміз өте көп болды.

Жақсылықтың жарысқа келген күні түнде тісі ауырып, бір тісін жұдырып тынышталып еді. Мен калжындап «Жәке, әлгі жулынған тісінді тәберікке беріп кетсенші!» дедім. Ол «Бір тісімді алған соң тағы да тәберік сұраса, не істеймін? Тіссіз қайтамын ғой», — деп күлдіріп еді, жарықтық.

Жақсылық екеуіміз жарысты өткізуге Алматыдан Үржарға көлікпен бірге шықтық. Ол кезде мен республикалық қазақ күресі федерациясының вице-президентімін, федерацияның президенті Мұхтар Құл-Мұхаммед еді. Жол бойы талай әңгіме айтылды.



жүргенде полктің мергені деп жүрген латыш жігіті автоматпен атып, үш октан 28 ұпай жинаған екен. Бізге үлгі етіп мақтады. Сонда мен 29 ұпай шығарғаным бар. Сонымен, түнде жерде, суда отырған құсты алдымен мен атамын да, олар ұшқан кезде атады. Алақолде «қарақаз» деп аталатын үлкен қара құс бар. Солардың бір тобы қамыстың ар жағында отыр екен. Алдымен менің кезегім, ұшқанда жолдастарым атады. Аттық. Бірнешеуі түсті. Атқан олжамызды барып алсақ, әлгі «қарақаз» дегеніміз аккумулят күзгі балапандары екен. Күзде аккумулят балапанының түсі көгілдір болады. «Аккумулят көгілдірі» деуіміз содан. Осындай бір қателік жібердік. Қатты өкіндік.

Сол күннің ертеңінде нағашы туысым, балықшы Қажыға қосауыз мылтығымды, патрон салғышымен, ок-дәрісімен толық бердім де, «енді мылтық ұстамаймын» деп сөз бердім. Сол антымды орындап келемін! — деп, әңгімемді доғардым. Жәкен ойланып қалды.

Жақсылықтың кейінгі уақыттарда үлкен шаруашылықпен айналысуы

ЖАҚСЫЛЫҚ БАТЫРЫМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Жақсылыққа оралу үшін әңгімені арыдан бастадық. Баландардың күш сынасуы қазақ даласында сонау көне замандардан белгілі. Қазақ халқының арғы аталары болып саналатын ғұндар осыдан 18 ғасыр бұрын, яғни 371-381 жылдар арасында ғұндар патшасы Баламбердің (*Аттиланың алдында*) өзінің жеңістері мен айтулы мемлекеттік шешімдерінен кейін үлкен той-жиын өткізіп, оның негізгі бір бөлігі ретінде ат жарысы, балуан күресі, садақ ату, найза лақтыру, аударыспақ, тенге алу, т.б. ойын түрлерін өткізгендігі туралы тарихи деректерден білеміз. Ал сол жарыстарды ғұндар тілімен айтқанда (*қазақ тілінен еш айырмасы жоқ*): ээр-хүреш, ат-хүреш, ланса-хүреш (*ланса — қазақша найза*), шабарман-хүреш, жебе-хүреш, т.б. деп шұбырып кете береді. Сол өнердің жалғасы, қазақ күресінен балуандық өнерін бастаған Жақсылық досым, құрдасым Балуан Шолақ, Қажымұқан, Битабар, т.б. балуандарды өзіне үлгі, пір санап айтып жүруші еді...

Жақсылықтың балуандық өнердің ең биік шыңына шығуына себепші болған халқының туған топырағындағы балуандық өнер рухының жоғары болғандығы мен қазақ халқына тән батырлық пен балуандықтың әр адамда бар екендігінің көрінісі. Тек соны жанып-қайрап, еңбектеніп дамытудың үлгісін Жақсылық көрсетіп кетті.

Бір жолы әңгіме арасында Жақсылықтан:

— *Жәке, сенің арғы аталарыңда балуан, күшті адамдар болған шығар, сен соларға тартқан боларсың? — деп сұрадым. Сонда ол:*



— *Менің әкем не аталарым балуан болды деп естіген жоқпын. Ал қазірде 82 жастан асқан Күнтөре иешем өте қарулы адам. Күші жағғынан өзімен тетелес әйелдерден ерекшеленіп тұрады. Шешем жастау кезінде 40-50 келі шығатын салмақты заттарды еркін көтеріп, домалата салатынына қайран қалушы едім. Мүмкін, маған сол ана сүйіспен келген күш-қайрат дарыған шығар? — деп еді.*

Бұл әңгіме 2007 жылы болды. 2008 жылы шыққан «Қазақтың балуандық өнері» деген кітабымда берілді.

Жақсылықтың спорттағы жеткен жетістіктерін оқырмандар жақсы біледі. Оған алып-қосарымыз жоқ. Халық Жақсылықты алақанына салып құрметтеді. Ал Жақсылық өзінің жақсылығымен бөрімізге үлгі болды деп ойлаймын. Әлі де халқына берері мол еді...

Жақсылықтың менен төрт ай кішілігі бар. Құрдасымның сыйластығының кереметтігі сол, ол мені «АҒА» деуші еді! Аға-бауыр болып жақсы сыйластық.

Жақсылықтың қазақ спортына сіңірген еңбегі мол және көп қырлы. Ол қазақтың ұлттық спортын қолдаушы, жанашыры, дамытушысы болды. Өскелең ұрпақ жастардың алдына шығып үлгі көрсетті, тәрбиеледі, жол бастады. Өсем дегенді демеді, жағдайын жасады. Ұшамын дегенге қанат берді. Бір сөзбен айтқанда, өмірін елінің болашағына, қазақ жастарына арнады!

Жақсылыққа қазақтың спорт және туризм академиясының құрметті профессоры атағын беру кезінде, студенттер мен ұстаздар алдында сөйлеген сөзін қысқаша түртіп алған екенмін. Онда «...Мені құрметтеп кішкентай еңбегіме осындай үлкен баға беріп жатқандарыңызға көп рахмет! Құрметті студент жастар, бауырларым! Егерде біз алдымен өз Отанымызды сүйсек, онда олимпиаданы жеңу, әлем чемпионы болудың жолы ашылады!» депті. Осы үлгісімен адамға сарқылмас күш беретін отаншылдық сезім екендігін Жақсылық жастарға түсіндіріп еді.

Жәкен олимпиадаға дейінгі өзінің спорттық жолы туралы, сол кездегі Кеңес одағындағы спортшыны даярлау жүйесі мен іріктеуге қойылатын талап туралы көп әңгіме айтты. Өз еліміздегі грек-рим спортының болашағы, әсіресе, талантты жаттықтырушылардың үлгілерін үйренуші жастардың аздығын тілге тиек етті. Қазіргі жас мамандардың күреске үйрету, жаттықтыру білімін, тәжірибесін жетілдірудегі олқылықтың бар екендігін қынжыла әңгімеледі...



Жақсылық өзінің жұмыстан, қала өмірінен жалыққанда қырға, алысқа шығып саятшылық құруды жақсы көретінін айтып, мені де өзімен бірге «жүр» деп шақырып қояды. Мен де балық аулауды, аң-құсқа баруды жақсы көретінімді, өзімнің Алақолдін жағасында туып-өскенімді айтып жатырмын. Бірақ мылтық ұстамауға серт еткенімді, антыма 30 жылдан асқанын айттым. Жәкен қоярда-қоймай маған мылтыққа қатысты әңгімемді айтқызыды.

— Жәке, — дедім, — Мен және жанымда екі жолдасым бар, күзде түнге қарай құс атуға шығуды мергендіктің шыны деп санайтынбыз. Менің қасымдағы жолдастарым қозғалыстағы нысананы, әсіресе, ұшқан құсты өте жақсы атады. Ал мен қозғалыссыз тұрған нысананы атудың шеберімін. Солдатта

оны шаршатып жүрген. Ауыл адамдарының тұрмыстарындағы шешетін мәселелердің көбейгені туралы да оқта-текте жолыққанда айтып жүрді. Солай болса да, оның орындалмаған арманы, ойға алған жоспары көп еді.

Жақсылық досым, құрдасым, міне, сен де ойламаған жерден бұл дүниені тастап, келмеске кетіп барасын. Арамыздан аттанғанына бірнеше күн ғана болды. Саған арнаған қысқа ғана естелігімді жазып жатқанда жанымда өзін бірге отырғандай күй кештім. Сағына қоймаған шығармыз, бірақ өлімге



қимайтын жан еді. Амал қанша?! Қош бол, кимас досым! Жаның жәннәттың төрінде болсын! Рухың бейіште шалқысын, Қазақтың Жақсылығы!

Айтпақшы, Үржарға бірге барған сол сапарымызда, аудандық мәдениет басқармасын басқарған Құсмілия Нұрқасым деген ақын Жақсылық Үшкемпіровке жыр арнаған еді. Осыдан жиырма жыл бұрын жазылған сол өлең баспа бетіне балуанның көз жұмған қаралы күнінде жарияланады деп кім ойлаған?!

*Алысқамен алыстың, тірестің,
Еркіменен берер саған үлес кім?
Қаршығадай шарболаты Семейдің,
Қара бала Қазтуғаны күрестің.*

*Буырышның азуындай арлан ең,
Көк кілемде талай сойқан салған ең.
Димаш аға сеніп қосқан жарыста,
Отыз жаста Олимпті алған ең.*

*Солай, Жақа, тарқатып бір шеріді,
Олимптің айдарынан көріндің,
Дүйсембаймен бірге оқыдың демесен (Үржар ауданы әкімі),
Ең құрметті қонағы — сен елімің.*

*Жүріп мынау жетегінде жалғанның,
Бесігінде тербетілдің арманың.
Тұңғыш рет бұл Үржарға келіңсің,
Қырық тоғыз мүшеліңе толған күн!*

Елемес ӘЛІМХАНОВ,
профессор, Қазақстанға еңбегі сіңген
жаттықтырушы

БҮГІНГІ САТИРА

Костанай-дағы Дәмер ағамның үйінде отырып ол кісінін: — Женгенді жекешелендіріп алдым, — дегенін естіп ішіп отырған тамағыма қақалып қалғаным бар. — Бір сен емес, алғаш естіген атаулы осы кейіпті киген, — деп

БІЗ ДЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІК



көкем мән-жайды түсіндірген болды. — Қолымнан келгені сол... бажайлап қарасам, қазіргі ел-жұртыңның айтар әңгімесінің дәйі осы жекемешікке тірелген сияқты... ана дәй заңдағы баптың өзі осыған тіреліп даурығып жатыр емес пе?! Токетері, мына заман тек жекемешіктен тұрады екен. Өз басыма жекешелендіретін бірде-бір зат бұйырмапты. Ең аяғы үй, қора-қопсы, аз-маз мал атаулыны «төрінізден көрініз жакын» деген мәнде сөз айтқан соң, қолдағы келін-балаға басыбайлы өткізіп бергенбіз. Содан «бүйректен сирақ шығарып», басқа біреудің меншігіне өтіп кете ме деген

қауіппен мына кара кемпірді жекешелендіріп алдым, — деп қарқылдап кеп күліп, оның мөр басылған, куәландырған қатырма қағаздарын алдыма жайып салды.

Көзім жұмылып, аузым аңқиян маған: «Баяғыда-ақ сөйтуім керек екен» деп алып, жекешеленген жемемнің жай-жапсарын айтқанда көдімгідей көзім ашылып, бірден «мен де неге ғана сөйтпеске» деген ой келді.

Сөйттім де мен де көкемнің жөн-жобасын тәптіштеп сұрап біліп, бірден меншіктеп беретін мекемеге тарттым.

Ондағылар: «Естімеген елде көп... деген, қатынын жекешелендіруге келген сізді көрдік» деп таң-тамаша болған болып, райымнан қайтпас мені білгендіктен: «Жемегізді жекешелендіру үшін ол кісіні дүниеге әкелген әке-шешесінің жазбаша куәландырған рұқсаты керек» дегені.

Салып ұрып атам мен енеме келіп мән-жайды айтып едім, екеуі де «Астапыралла!» деп жағаларын ұстап, маған аса мән бере бажайлап қарап, «ауру-сырқаудан» дін аман-есен екенімді біліп, енем көрші бөлменің есігін жауып алып қызымен телефонда сәл-пәл күбірлескен болып келіп:

— Ал балам, жекешелендіру үшін сен бізге... — деп алып, көкі-сөкиді көктетсін келіп. Көкі-

сөкидің үлкені — мына отырған үйлеріне күрделі жөндеу өткізуім керек екен... Кенже баласының үйлену тойын түп-түгел мойныма алуым керек екен...

... Ашуға булығып үйге келсем қатын:

— Не, жолын болмады ма!? — деп ыржияды.

— Атана нәлет, сен де табалап отырмысың! — деп алара қарап едім:

— Оу, көкіме, көзінді аш. Не, жекешелендіру оңай деп пе едің! Мүлік, зат емес, бақандай адамды жекешелендірмек болады! Тағы да ашуланады, бақырып-шақырады! Тәубене кел!

Менің құнымды білесің бе өзін!? Отасқан отыз жылдағы отынмен кіріп, күлімнен шыққан маңдай терімді бағала! Бір емес, бақандай бес баланы тоғыз ай көтеріп толғатып, жеткізіп есейткендегі еңбегімді ескердің бе! — деп тереннен тартып тебіренген кемпірді әзер деп тоқтаттым-ай!

— Қойдым кемпір! Бүйткен жекешелендіру бар болсын, — деп сабырға шақырып едім:

— Қоймаймын! Осыны біліп, Дәмер қайнағандан естіп, мен де әрекет жасап... сені мен жекешелендіріп алғанмын... әке-шешенді ертерек жұтып қойған өзіннен көр. Ондағылар сенің әке-шешеннің қайтыс болғандығы жөніндегі анықтаманы талап етіп, апара қалып едім, сені маған басы бүтін жекешелендіріп берді... — дейді.

Сасқан үйрек артымен жүзеді деуші еді:

— Әп, бәрекелді, оң болған. Бізді біреулер жекешелендіріп алмай тұрғанда мұнымыз жөн болған, — деппін.

Берік САДЫР,
сатирик

ЖЫРДАН



Алматыдағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған мектеп интернатында талантты өрендер білім алады. Мектептегі «Ділем» шешендік өнері үйірмесінің шәкірттері республикалық жыр мүшәйраларында жүлделі орындардан көрініп жүр. Назарларыңызға атаған үйірме шәкірттерінің жүрегінен шыққан жыр-шашуын ұсынып отырмыз.

Өлең - сөздің патшасы

Мен қазақтың

Мен қазақтың жерімде күлімдеген,
Әр кезде де сыннан мен сүрінбегем.
Жырлай берем сырына қандай келіп,
Хан Керейдің ұрпағы дүрілдеген.

Мен қазақтың Шәкәрім, ұлы Абаймын,
Маған берші көз жасың құралайдың.
Хақиқаттың жолында жаның берген,
Жастар үшін жасымды тия алмаймын.

Мен қазақтың Төледей жаңа туған,
Сөздеріммен шаршамай қаратудан.
Күлгі әлемді кешеден тоздыратын,
Емесін мен дін жолын шала қуған.

Бауыржанмын қайсар боп жаратылған,
Оқ тиіп ет жалғаннан сәл атылған.
Қара көздің асыл ер жаным құрбан.
Бұл текті қан қазаққа таратылған.

Әрбір елді әрқашан тандандырап,
Мен қазақтың мынадай арманы бар.
Тек Алладан қол жайып сұрайтыным,
Елім аман болсын деп жалбарынар..

Мен мен едім, Асқаров
Әлібектің,
Жырларымды келеді тар-
ту еткім.
Мен қазақ ұрпағымын Көк
тіріктің,
Үмбетімін пайғамбар
Мұхаммедтің...

Шыңғис Ерболұлы,
9-сынып оқушысы

Сүйікті апам

Жаным апам, ізгілікке шақырдың,
Ментектігім болса, соны жасырдың.
Қорқынышты түстер көрсем түсімде,
Қамқорышым боп сол ойларды қашырдың.

Артық етпес, сені айға теңесем,
Ешқашанда уайым-қайғы жеме сен.
Алып бердің мен қалаған заттарды,
Орындадың қашанда мен не десем.

Менің адам болуыма күш салған,
Немересі дана болса, сол-арман.
Бағып, қағып мені әлпештеп өсірген,
Еңбегіңді ана жоққа шығарман.

Өзіңіз ғой жүрегімнің сыр-шері,
Өзіңіз ғой көңілімнің жыр елі.
Осылайша тебіреніп, толғанып,
Сыр шертеді немеренің жүрегі.



Нұрай
Ғалымжанқызы,
10-сынып
оқушысы

JAS QAZAQ
ҒААБЕРЯСЫ

Дамир Аделев,
4 жас



Юлиана Жилайтене, 5 жас



Дидар Жамалев, 7 жас



Алуа
Сураған,
6 жас

Өрендер
өнері

Даниил
Якшин,
5 жас



Рауана Жұмашева, 7 жас



Марсель
Кученбаев,
6 жас



Лия
Ибраһимова,
8 жас



Вера
Харина,
7 жас

Карантин кезінде де Петропавл қаласындағы Оқушылар сарайының бүлдіршіндері шығармашылықтан қол үзген жоқ. Күзде мектептегі онлайн-оқу жағдасса, олар үшін бұл алдын ала дайындық іспетті. Әрі сүйікті ісімен айналысып, өз уақытын тиімді пайдалануда.

Кішкентай суретшілердің қолынан шыққан туындыларды бірге тамашалайық!

Ғалия ҚАЛИЕВА

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 43 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат

(Боевбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дауір» ЖШС РПИК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2219;

Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.